

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 585 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 4 мамыр N 606

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы Заңының Z000131_16-3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға 2001 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен Алматы облысының әкіміне 530 (бес жүз отыз) миллион теңге, о н ы ң і ш і н д е :

облыстық әкімшілік ғимаратын жөндеуге - 145 (жүз қырық бес) миллион теңге;

Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 256 мекен-жайы бойынша орналасқан ғимаратқа көшірілетін Талдықорған қаласының қалалық мемлекеттік органдарына жиһаз сатып алуға - 18 (он сегіз) миллион теңге;

Жансүгіров атындағы көшеде орналасқан Политехникалық лицейдің жатақханасын жөндеуге, қайта жаңартуға, сондай-ақ ол үшін жиһаз, жұмсақ мүкәммал және жабдықтар сатып алуға - 140 (жүз қырық) миллион теңге; кемінде 200 пәтер сатып алуға және оларды жөндеуге 92 (тоқсан екі)

миллион теңге;

48 пәтерлі аяқталмаған екі үйдің құрылысын аяқтауға - 135 (жүз отыз бес) миллион теңге бөлсін;

бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

2. Алматы облысының әкімі 2001 жылғы 1 маусымға дейін осы қаулының 1-тармағына сәйкес бөлінетін қаражаттың пайдаланылуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тәптіштелген есеп тапсырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ